bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:* ***KZ45VPY00102718***
2020

**БӨЛІМ: ҚАЗАҚ ТІЛІ**

# Балық аулайды

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 18.11.2020 | https://bilimger.kz/91017/ |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Бөлім** | **Мұғалімнің аты-жөні : Бейсенбаева Мадина Көмекбайқызы**<br>**Мектеп: «Жұлдыз» МБК** | | |
| **Пәні:** қазақ тілі мен әдебиет | **Күні: 22.04.2019 жыл.** | | |
| **Сынып:** | **3 «Б»** | **Қатысқаны:** | **Қатыспағандар:** |
| **Тақырыбы** | **Балық аулайды** | | |
| **Оқу мақсаты** | 3.1.3.1 тыңдаған материалдың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру және сюжеттің даму желісі бойынша иллюстрациялар орналастыру/кесте толтыру/ мазмұндау.<br>3.2.3.1 белгілі бір тақырыптағы диалогке қатысу барысында мәліметті нақтылап сұрау / қайталап сұрау, тілдік нормаларды сақтау.<br>3.5.1.4 мұғалімнің қолдауымен жіктеу есімдіктерін және септік жалғауларын ауызша/жазбаша тілде қолдану. | | |
| **Сабақ мақсаттары** | ***Оқушылардың барлығы мынаны істей алады:*** мәтінді рөлге бөліп оқуда өтініш, бұйрық берудің түрлі формаларын біледі.<br>***Оқушылардың көбі мынаны істей алады:*** шағын әңгімедегі жиі қолданылатын сөздер мен фразалардың мағынасын түсінеді, белгілі бір тақырыптағы диалогке қатысу барысында тілдік нормаларды сақтайды.<br>***Оқушылардың кейбіреулері мынаны істей алады:***тапсырмаларға сай ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолданады. | | |
| **Тілдік мақсаттар:** | **Оқушылар орындай алады:** Мәтіннің тақырыбын анықтайды, талдайды,жаңа сөздерді дұрыс қолданады.<br>**Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:**аулау,қармақ, ілінеді<br>**Диалог құруға, шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер:**менің ойымша, өйткені.<br>**Талқылауға арналған сұрақтар:**Қазақстандағы қандай теңіздердің, көлдердің, өзендердің атауларын білесіңдер? Қалай ойлайсыңдар ең үлкені өзен бе,көл ме, теңіз бе? Балықты қай кезде аулаған ыңғайлы? | | |
| **Жетістік критерийлері** | • Ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын түрлі жағдаяттарға сай қолданады.<br>• Тыңдаған шағын мәтіндегі сөйлемдердің мағынасын ажыратады.<br>• Диалогке қатысуда тілдік нормаларды сақтайды. | | |
| **Құндылықтар:** | Топта және жұпта жұмыс істей алу арқылы ұжымшылдыққа, ынтымақтастыққа баулу. | | |
| **Ресурстар:** | Оқулық, АКТ, анықтамалар, слайд, тапсырмалар, суреттер, , бағалау парағы, маркер,плакат,балықтар,қармақ,тақия, бас киім, қима қағаздар, дыбыстық ойыншықтар,микрофон. | | |
| **АКТ-мен байланыс :** | Интербелсенді тақта, аудио тыңдалым | | |
| **Пәнаралық байланыстар:** | Әдебиет,география, орыс тілі, музыка | | |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

| | |
|---|---|
| **Ойлау дағдылары-ның деңгейлері** | Білу, түсіну,қолдану, жинақтау. |
| **Әдіс-тәсілдер** | Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын. Рефлексия. |

## Сабақ барысы

| Жоспарланғанмерзімдер | Жоспарланған шаралар | Ресурстар |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | | |
| 3 минут<br>Жеке жұмыс | -Ал енді балалар, мына суретті кескіндерін таңдап алып, сол бойынша топтасыңыздар.<br>**І топ. «Балқаш» көлі**<br>**ІІ топ. «Нұра» өзені**<br>**ІІІ топ. «Шерубайнұра» өзені** | Слайд, суретті қима қағаздар |
| Басы<br><br><br><br><br><br><br>Үй тапсырмасын тексеру | **Айтылым.**<br>«Сұрақ-жауап» тәсілі арқылы оқушы мұғалім ретінде жалпы сыныппен жұмыс жүргізеді, оқушыларға сұрақ қояды , тілдік ортаға енгізеді.<br>— Бүгін аптаның қай күні?<br>— Қазір қай сабақ?<br>— Айдың нешінші жұлдызы?<br>— Сендердің көңіл-күйлерің қалай?<br>— Балалар,үйге қандай тапсырма берілді?<br>— «Ашық микрофон» әдісімен үйге берілген тапсырманы сұрау. | Микрофон |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

<table>
<tr>
<td>Ортасы<br>Жалпы 25 минут<br><br>Жалпы, жұптық, топтық, жеке жұмыс<br><br><br><br>10минут<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Кері байланыс</td>
<td>«Миға шабуыл» стратегиясы арқылы оқушыларға сұрақтар қоя отырып, бүгінгі өтетін жаңа тақырыбымызды анықтаймыз.<br>-Балалар, біз сендермен қандай ақын-жазушылармен таныстық?<br>Абай Құнанбаев,Бауыржан Момышұлы, Ыбырай Алтынсарин, Мұхтар Әуезов, Шоқан Уәлиханов.<br>Тыңдалым.Айтылым.<br>-Дұрыс айтасыңдар.Сондай атақты ақын-жазушыларымыздың бірі-Мағжан Жұмабаев. 1893 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев ауданы, Сасықкөл деген жерде туған. 1938 жылы қайтыс болған.<br>Енді осы ақынымыздың мына бір өлеңін мен сендерге оқып берейін.<br>Алыстан мұнарланып шалқыған көл,<br>Бетінде күннің нұры балқыған көл.<br>Жарысып саф күмістей ақ көбігің<br>Мап-майда мөлдірінде қалқыған көл.<br>— Өлең не жайында жазылған екен? Яғни көл туралы екен.<br>-Сендер қандай өзен,көлдердің атауларын білесіңдер?<br>-Осы өзен,көлдерде нелер бар?<br>Енді интербелсенді тақтадағы бейнероликке назар аударайық.Сонымен бейнеролик не жайында екен?<br>Сендердің араларыңда балық аулауға барғандар бар ма?<br>Балықтарды адамдар не үшін пайдаланады?<br>— Тағам ретінде. т.б. оқушылар өздерінің жауаптарын айтады.<br>— Балалар, тағам ретінде пайдаланбайтын, әсемдікке үйде асырайтын балықтардың түрлері де болады екен.<br>— Балықтар қандай ыдыстың ішінде жүзіп жүр екен?<br>— Шыны ыдыста.<br>— Бұл шыны ыдыс «Аквариум» деп аталады.<br>— Балалар, балықтардың қандай түрлерін білесіңдер?<br>Видеороликті тамашалайық. Видеороликтен нені көрдік? Яғни, балықтың түрлерімен таныстық.<br>— Балықтың пайдасы өте көп. Одан көптеген тамақ түрлерін жасауға болады. Қуырып жеуге, балық сорпасын пісіруге, салаттар жасауға болады. Кейбір балықтарды консерві түрінде де шығарады. Бұл консервіленген балықтар көп уақыт сақталады.<br>Тыңдалым. Айтылым.<br>Сөздікпен жұмыс<br>Аулау – ловит<br>Қармақ – удочки<br>Ілінеді – вывешивается<br>Балалар балық аулау сөзін жіктейік.<br>(Жеке жұмыс)Айтылым.<br>Мен балық аулаймын<br>Сен балық аулайсың<br>Сіз балық аулайсыз<br>Ол балық аулайды<br>Айтылым.<br>«Суретті әңгімеле» әдісі<br>(Т) -Балалар экрандағы суретке назар аударайық. Бүгінгі өткен жаңа сөздіктердің көмегімен әр топ сурет бойынша әңгіме құрастырады.<br>(Жұптық жұмыс) 1-тапсырма. Аудио тыңдалым.<br>Тест тапсырмасы.<br>Оқылым. Тыңдалым.<br>2-тапсырма. «Рөлдік» ойын бойынша әр топтан бір-бір оқушыдан тақта алдына шығарып, сахналық көрініс көрсету.<br>—Ал енді балалар осы мәтіннен бүгінгі өткен жаңа сөздерді табыңдаршы.<br>-Олар қандай сөздер екен?<br>-Дұрыс айтасыңдар.Олар: балық,аулау, қармақ сөздері.<br>Айтылым.<br>(МК) Суретпен жұмыс. «Суретті сөздер» әдісі<br>-Балалар интербелсенді тақтаға назар аударайық.<br>Әлібек пен атасы қайда барды?<br><br>Әлібек пен атасы көлден не аулайды?<br>Жазылым. Карточкамен жұмыс<br>5-тапсырма. Суреттерді сөзбен жазып, сөйлемдерді толықтыр.<br>«Суретті әңгіме» әдісі бойынша берілген мәтіндегі суреттерді сөздермен тиісті қосымшаларын жалғап жазу.<br>Әлібек пен атасы өзенге барды.Олар өзеннен балық аулайды.Қармаққа балық түседі.<br>№2 жазу дәптердегі 60 беттегі 1-тапсырмадан керекті суретті тауып жапсырайық.<br>Сергіту сәті «Балық аулау» ойыны<br>2-тапсырманы «Орнын тап» ойыны арқылы интербелсенді тақтада орындайық.<br>Тиісті есімдіктерді сәйкестендір.<br>Сен балық аулайсың. Біз балық аулаймыз.<br>Мен балық аулаймын. Сіздер балық аулайсыздар.<br>Ол балық аулайды. Олар балық аулайды.<br>Сіз балық аулайсыз. Сендер балық аулайсыңдар<br>«Хикаят картасы» ойыны бойынша қима суретті қағаздарды дұрыс орналастыру арқылы бүгінгі сабақты қаншалықты меңгергенімізді көрсетеміз.<br>1.Оқушылар сұраққа жауап береді.<br>2.Білім деңгейін анықтайды.<br>3.Ұсыныс жасайды.<br><br>
<table>
<tr><th></th><th>Дескрипторлар</th><th>Ұпайлар</th></tr>
<tr><td>1</td><td>Тыңдаған материалдың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;</td><td>1</td></tr>
<tr><td>2</td><td>Сюжеттің даму желісі бойынша иллюстрациялар орналастырып, мазмұндайды;</td><td>2</td></tr>
<tr><td>3</td><td>Тақырып төңірегінде диалогке қатысады;</td><td>1</td></tr>
<tr><td>4</td><td>Диалог мазмұнында тірек сөздерді қолданады;</td><td>1</td></tr>
<tr><td>5</td><td>Тапсырмаларда жіктеу есімдіктерін және септік жалғауларын ауызша/жазбаша тілде қолданады;</td><td>2</td></tr>
<tr><td>6</td><td>Айтылымда ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолданады;</td><td>1</td></tr>
<tr><td></td><td>Барлығы:</td><td>8</td></tr>
</table>
</td>
<td>Слайд<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Интербелсенді тақтаан видео<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Интербелсенді тақта<br><br><br><br><br><br>Бағалау парағы, сөздік,<br>қима қағаздар, стикерлер<br><br><br><br><br>тақия, кепка, балықтың маскасы<br>Смайликпен бағалау.<br><br><br>Суреттер<br><br><br><br><br><br>Бәрекелді!<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>А3 қағазы, Фломас тер, стикер<br><br><br><br><br>бағдаршаммен бағалау<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Балықтар,қармақ, өзен<br><br>Бірін-бірі бағалау. «Бағдаршам»</td>
</tr>
</table>

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың соңы | Мұғалім тапсырманы орындату барысына оқушыларға кері байланыс береді, тапсырма нәтижесінің мықты жақтарын және жақсарту үшін не істеу керектігі туралы ұсынысын айтады. | Жасыл,<br>қызыл,<br>көк стикерлер |
| Үйге тапсырма беру | Сараланған тапсырмалар<br>1.Жаңа сөздерді жаттау.<br>2.№2 жазу дәптердегі 61- беттегі 4-тапсырма.Қосымшаларын жалғап жазу.<br>3.Кітаптан 91 – беттегі Мағжан Жұмабаевтың өлеңін жаттау. | |
| Рефлексия | «Білім толқыны» әдісімен оқушының сабақты түсіну деңгейін тексеру | стикерлер |
| Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз? | Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз? | Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы |
| Сұрақтарға жауап беруге қиналатын оқушыларға бағыт бере отырып, жеке қолдау көрсету. | Оқушылар жұптасып жұмыс жасаған уақытта түртіп алу арқылы бағалау. Жеке жауап бергенде комментарий беру арқылы бағалау. Оқушылардың жұмыс жасау барысын, іс-әрекетін бақылау арқылы бағалау. | Белсенді тақтаны шектеулі уақытта пайдалану. Осы сабақта 10 минут қолдануды жоспарлаймын. |
| | | |

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.